

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 шілдедегі N 1057

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 Р961455_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Бурабай орман шаруашылығы Көкшетау облысы" деген сөздер "Бурабай" табиғи-сауықтыру кешені, Солтүстік Қазақстан облысы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мыналардың:

"Бурабай орман-аңшылық шаруашылығының флорасы мен фаунасының қызметін жақсарту және оны қорғауды күшейту туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 жылғы 5 тамыздағы N 496 қаулысының;

"Бурабай орман-аңшылық шаруашылығын қайта атау туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1983 жылғы 27 мамырдағы N 235 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі